

Экономикалық дауларды шешуге арналған аралық сот туралы Үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 мамыр 1993 ж. N 356. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.07. N 1592 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономикалық дауларды шешуге арналған аралық сот туралы
Үлгі ереже бекітілсін.
2. Экономикалық дауларды шешуге арналған аралық сот туралы
Үлгі ереже жарияланған кезінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 4 мамырдағы
N 356 қаулысымен
Бекітілген

Экономикалық дауларды шешуге арналған
аралық сот туралы
Үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық құқықтарды коргауды аралық сот жүзеге асыра алады.
2. Аралық сот - шаруашылық ұйымдары арасындағы экономикалық

қатынастарды өзара тиімді негізде дамытуға көмектесетін, тараптардың өз міндеттемелерін орындау кепілдіктерінің құқылық құралы.

3. Аralық сот дегеніміз тараптар өз араларындағы дауларын шешу үшін салайтын сот. Соттың құрамын тараптар анықтайды. Аralық сотқа жүгіну тараптардың келісімі негізінде жүзеге асырылады.

4. Аralық сот нақты бір дауды қарау үшін немесе тұрақты жұмыс істейтін негізде (әртүрлі ұйымдар, сауда палаталары, тауар және қор биржалары жанында)
) **құрылуды мүмкін.**

5. Тұрақты жұмыс істейтін аralық сотқа жүгіну кезінде тараптар осы орган мүшелері немесе басқа адамдар, соның ішінде осы сот ұсынатын адамдар арасынан төреші **сайлауына болады.**

6. Тараптардың арасында пайда болған немесе болашақта пайда болатын дауларды шарттағы немесе контрактідегі аralық соттың қарауына беретіндігі туралы тараптардың келісімі болса, олар тиісті төрелік сотқа жүгіну құқығынан айырылады ("Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" Заңың 77-бабы, 2-тармақ).

7. Дауды аralық соттың қарауына беру жазбаша келісімде көзделіп, жауап беруші осы Ереженің 14-тармағында көзделген мерзімде аralық соттың құрамын құрудан жалтарған жағдайда тиісті тұрақты жұмыс істейтін аralық соттың төрағасы талап қоюшының өтініші бойынша аralық судьяларының кандидатураларын ұсыну жолымен аralық сот құрамын құруға шара қолданады.

8. Осы Ережеге сәйкес істі төрелік жолмен қарауға келісе отырып, тараптар аralық соттың шешімін кідіріссіз орындауға міндеттенеді және тиісті төрелік сотқа немесе басқа сот органына кез келген түрде аппеляция беру мен шағым жасау жөніндегі құқығынан **бас тартады.**

9. Аralық сот "Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" және "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Зандарына, халықаралық келісімдер мен халықаралық шарттарға сәйкес төрелік соттарға қарасты дауларды шешеді.

10. Тараптардың кем дегенде біреуі басқа мемлекеттің аумағында болған кезде, не шетелдік инвестициямен жұмыс істейтін кәсіпорын, ұйым болған кезде, егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмеген болса, осы Ереже **қолданылмайды.**

11. Осы Ережеде "аралық сот" термині жеке төрешіні немесе тараптар ұсынған барлық төрешілерді қамтиды. Осы Ереже бойынша аralық іс қарайтын барлық төрешілер (оларды тараптар ұсынған-ұсынбағанына қарамастан) толық тәуелсіз болып, ешкімге бұрмануға тиіс.

12. Әрбір төреші өзінің ешкімге бұрмайтынына және тәуелсіздігіне күмән туғызатын жағдайлардың жоқ екендігі туралы декларацияға қол қояды.

2. Аралық сот құру тәртібі

13. Осы Ережеге сәйкес төрелік іс қозғағысы келетін тарап бұл туралы екінші тарапқа бағалы, тапсырысты хатпен, телекспен және телефонспен хабарлап, төрешілердің кандидатураларын атайды.

14. Аралық сотта дауды қарау туралы ұсынысты алған тарап

оны алған қүннен бастап он қүн мерзім ішінде осы ұсыныспен өзінің келісетіні туралы жазбаша жауап беруге немесе оны қабылдамайтыны туралы хабарлауға тиіс.

15. Аралық сот жазбаша келісімі болған жағдайда бір судья немесе судьялардың кез келген тақ саны құрамында сайланады. Егер аралық соттың үш немесе одан көп мүшесі болса, олар төраға сайлайды.

16. Дауды аралық сотта қарау және соттың құрамы туралы келісімге қол жеткен жағдайда төрелік іс қозғаған тарап аралық судьялардың біріне талап қойылған өтініш жолдайды, онда мыналар көрсетіледі:

талап қойылған өтініштің уақыты мен нөмірі;
тараптардың атауы, олардың мекен-жайы, есеп айырысу деректері;
егер талап бағалануға тиіс болса, талаптың құны;
қойылған талап;
талап қою негізделген жағдайлар әрі оларды айғақтайтын жағдайлар, қойылған талаптың негізделген есебі, талап қою қандай зандарға негізделген;
өтінішке қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі.

17. Талап қойылған өтінішке:
тараптардың дауды аралық соттың шешуіне беретіні туралы келісімнің бар-жоғын;
қойылған талаптарды;
талап қойылған өтініш көшірмесінің төрелік процеске қатысушыларға жіберілгендейдігінің дәлелдерін айғақтайтын құжаттар қоса тіркеледі.

18. Жауап берушілер аралық сот пен талап қоюшыға қойылған талаптарды қабылдамауының себептері туралы түсінік және өз қарсылығын негіздеу үшін сілтеме құжаттарды беруге міндетті.

19. Аралық сот талап қойылған өтінішті алған уақыт төрелік

іс қарau басталған уақыт деп саналады.

20. Белгіленген тәртіппен аралық сотқа талап қою өткен талап мерзімін доғарады.

3. Аралық соттың дауларды қарau тәртібі

21. Тараптар аралық сотта іс қарau тәртібін дербес белгілеуге құқылы.

22. Тараптар келіскең немесе осы Ережеде айтылатын процедура ережелері болмаған жағдайда аралық сот даудың әділ, тез, үнемді әрі түпкілікті шешілуін қамтамасыз ету үшін қолдануға болатын заң шегінде жұмыс істеуге құқылы.

23. Даулар тараптардың бірінің тұрған жері бойынша немесе аралық соттың үйғарымымен ол іс мүддесін көздей отырып, дауды қарau дұрыс деп тапқан басқа ж е р д е қ а р а л а д ы .

24. Аралық сот талап қойылған өтінішті қабылдай отырып тараптарға ол бойынша іс қозғалғаны туралы, оны қарайтын күні, сағаты және орыны туралы х а б а р л а й д ы .

25. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаған болса, аралық соттың барлық мәжілістері мен тыңдаулары жабық өткізіледі.

26. Егер тараптар істі тек қана құжаттар негізінде қарауға уағдаласпаған болса, аралық сот кез келген тарапты тыңдай алады.

27. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаған болса, төрелік іс-қарau төрелік келісімі бар құжат толтырылған тілде жүргізіледі.

28. Аралық сотта кез келген тараптың атынан практик зангерлер немесе тиісті өкілеттігі болған жағдайда басқа да кез келген өкілдер қатысуы мүмкін.

29. Дауға қатысушы тараптар іс материалдарымен танысуға, айғақтар беруге, өтініштер жасауға, төрелік процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, аралық сотқа ауызша және жазбаша түсініктер беруге, төрелік процесс барысында пайда болған барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге, мәлімдемелер мен дәлелдерге қарсылық білдіруге құқылы.

30. Аралық сот экономикалық дауларды шешкен кезде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін және Министрлер Кабинетінің қаулылары мен шешімдерін, дауға қатысты басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

31. Бірнеше төреші болып, олар белгілі бір мәселе бойынша келісімге келе алмаса, шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

32. Аралық соттың шешімі жазбаша тұрде баяндалады, онда:
шешім қабылданған уақыт, аралық соттың құрамы, дау қаралған орын мен
у а к ы т ;

дауға қатысушылардың атаяу, олардың өкілдерінің фамилиялары мен лауазымдары;

даудың мәні, дауды қарауға қатысқан адамдардың арыздары мен түсініктері; істің сот анықтаған жағдайлары, шешім қабылдауға негіз болған

айғақтар, шешім қабылдаған кезде сот басшылыққа алған заңдар;

қабылданған шешімнің мазмұны, төленетін ақы сомасын және істі қаруға байланысты басқа да шығындарды бөлу;

қабылданған шешімді орындау мерзімі мен тәртібі көрсетілуге тиіс.

33. Шешім сот мәжілісінде хабарланып, төрелік шығындар бес күн мерзімде төленетін жағдайда куәландырылған көшірмелер түрінде тараптарға жіберіледі.

34. Аралық сот он күн ішінде кез келген тараптың өтініші бойынша немесе өз ықтияры бойынша есептерде жіберілген кез келген қатені, жаңылыс жазылған немесе жаңылыс басылған жерлерді, не осы сияқты басқа қатені түзетуге құқылы.

4. Аралық соттың шешімін орындау

35. Аралық соттың шешімі ерікті түрде және шешімде белгіленген тәртіп пен мерзімде орындалады. Егер шешімде орындалу мерзімі көрсетілмеген болса, онда **дереу** **орындалуға** **тиіс**.

36. Аралық сот қараған іс шешім шығарылғаннан кейін бес күн мерзімі ішінде шаруашылық даулардың қай салаға жататыны ескеріле отырып, тиісті төрелік сотқа сактау үшін тапсырылады.

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта қаралған іс осы аралық сотта сақталады

38. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот өтінішті алған кезден бастап бес қүн мерзімде оны бұйрық беруге қықылды төрелік сотқа жібереді.

39. Арыз аралық сот шешімін орындау мерзімі аяқталған кезден бастап бір ай ішінде б е р і л у і мұмкін.

40. Арызга аралық сот шешімінің орындалмағанын растайтын құжаттар мен мемлекеттік баж алымын төлеу айғақтары қоса тіркеледі.

41. Белгіленген мерзімді бұзып, не қажетті құжаттар тіркелмей берілген арыздарды төрелік сот қарамай қайтарады.

42. Арызды қарау нәтижелері бойынша бұйрық беру туралы, не бұйрықты беруден бас тарту туралы үйғарым шығарылады.

43. Төрелік сот аралық соттың шешімін орындауға бұйрық беруден: тараптар дауды аралық сотта қарауға келіспеген; аралық соттың құрамы немесе дауды қарау процедурасы тараптардың дауды аралық сотта қарау туралы келісіміне сай келмеген;

аралық соттың шешімі қарсы қабылданған тарап аралық сотта іс қарау күні туралы тиісінше хабар алмаған немесе басқадай себептер бойынша өз түсінігін бере алмаған жағдайда бас тартуға құқылы.

44. Егер аралық соттың лажсыз мәжбүрлеп орыннатуға бұйрық беру туралы арызды қарау кезінде шешім зандарға сәйкес келмейтіндігі анықталса, төрелік сот шешім қабылдаған аралық сотқа істі жаңадан қарау үшін жібереді.

45. Исті сол аралық сотта қарау мүмкін болмаған кезде істің сотта қарауға жататындығына белгілі болуына қарай талап төрелік сотқа қойылуы мүмкін.

5. Қорытынды ережелер

46. Аралық сот немесе аралық судьялар осы Ережеге сәйкес жүргізілген кез келген төрелік іс қарауға байланысты әдейі әрі қасақана құқық бұзғаны үшін жауапты болатын жағдайлардан басқа уақытта қандай да бір әрекеттер мен кемшіліктер үшін кез келген тараптың алдында жауапты болмайды.

47. Төрелік іс қарауға қатысып, осы Ереже талаптарының бұзылуына дереу қарсылық білдірмеген тарап қарсылық беру құқығынан бас тартқан тарап деп с а на л а д ы .

48. Осы Ережеге кірмеген барлық мәселелер бойынша аралық сот заңынан және осы Ереженің рухына сай жұмыс істейді және өзінің шешімі заң жүзінде орындалатын болуы үшін ақылға сыйымды күш-жігердің бәрін жұмсайды.